

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 02 наурыздағы "Алматы облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 108 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 366 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 02 наурыздағы "Алматы облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 108 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 7 сәуірінде № 3780 тіркелген, 2016 жылғы 26 сәуірдегі № 48 "Жетісу" мен "Оғни Алатау" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Алматы облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бір апталық мерзімде:

1) Алматы облысының әділет органдарына осы қаулының қабылданғаны туралы хабарласын;

2) осы қаулының ресми баспа басылымында жариялау бойынша шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б. Өнербаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

А. Баталов